

Сабақтың тақырыбы: Керемет күмбез

Сабақтың мақсаты: 3.1.3.1. – шығармадағы кейіпкерлердің мінез құлқы мен іс – әрекеттеріне, ондағы оқиғаларға сүйеніп сюжеттің дамуын болжау;

Күтілетін нәтиже:

Барлық оқушылар: шығармадағы кейіпкерлердің мінез – құлқын ажыратады

Көптеген оқушылар: негізгі ойды анықтайды, іс – әрекеттеріне баға береді;

Кейбір оқушылар: оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.

Құндылық: өнерді бағалай отырып мақсатқа жету

Пәнаралық байланыстар: Дүниетану

АКТ-ны қолдану дағдылары: Видео проектор, ұнтаспа

Алдыңғы бөлім: «Уақыт» бөлімі»

Қызығушылықты ояту.

Сыныпты қалыпқа келтіру.

Ойсергек:

Аспанға қараймын айды көремін,

Төменге қараймын жерді көремін.

Оңға бұрыламын, солға бұрыламын,

Егеменді елді көремін.

«Миға шабуыл» әдісі арқылы сұрақтар қою

1. Қой жүнінен жасайды, жүнді бояп ою өрнек салады. Қайнаған су құйып шиге орайды. Аяқпен тепкілейді, әйелдер қолмен білектейді.
 2. Ағаштан жасайды, ою өрнекті қорап. Ішіне құрт, мейіз, дәмді асты сақтайды.
 3. Киіз үй бөлігінің бірі, ол жоғарыда тұрады. Ер бала соның иесі болады.
- осы ерекшеленген әріптерден сөз құра

1. Теке**мет**



2. Кебе**же**



3. Шаңы**р**ак




Мағынаны ажырату. Ойқозғау.

1-тапсырма.

Сөзжұмбақты шеш. Ол үшін берілген мақал- мәтелдегі көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қой.

1. ... – ортақ, ай – ортақ, Жақсы – ортақ.
2. Жақсылардың ... – Жанып тұрған шамдай.
3. Ырыс алды –
4. Әдепті ... – арлы бала.
5. Еріншектің ... бітпес.
6. ... теңгең болғанша, жүз досың болсын.



Керемет

3

			1	К	Ү	Н			
			2	Ү	л	Г	і	л	і
	Ы	Н	Т	Ы	М	а	Қ		
			4	Б	а	л	а		
			5	Е	р	т	е	ң	і
	6	Ж	Ү	З					



Негізгі ақпараттар

Қосымша ақпараттар

**2-тапсырма. Мәтіннен нақты ақпаратты тауып,
себебін түсіндір.**

«Мен үшін нақты ақпарат _____, себебі
_____».



CERTITY CƏTI



“Ұлы даланың жеті қыры”

«Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту - еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы»

Н.Ә.Назарбаев



ҚАЗАҚСТАН - АЛМА
МЕН ҚЫЗҒАЛДАҚТЫҢ
ОТАНЫ

АТҚА МІНУ
МӘДЕНИЕТІ

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ
ЕЖЕЛГІ
МЕТАЛЛУРГИЯ



ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ
БЕСІГІ

АҢ СТИЛІ

АЛТЫН АДАМ

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТИ ҚЫРЫ

«Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту - еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы»
Н.Ә.Назарбаев



АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ

Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді

Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін бабаларымыз алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды

Ат үстінде жүрген көшпенділер биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты

Бүгінгі етіктердің барлық түрі көшпенділер атқа мінгенде киген жұмсақ өкшелі саптама етіктің «мұрагерлері» екені белгілі

Бабаларымыз шапқан аттың үстінен садақ тартуды барынша жетілдірді. Соған байланысты қарудың құрылымы да өзгеріп, күрделі, ыңғайлы әрі қуатты бола түсті. Масағына қауырсын тағылып, металмен ұшталған жебе берен сауытты тесіп өтетін көбебұзарға айналды

Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тайпалары ойлап тапқан тағы бір технологиялық жаңалық - қылыш. Оның оқтай түзу немесе иілген жүзі - ерекше белгісі. Бұл қару ең маңызды әрі кең таралған соғыс құралына айналды

Сарбаз бен оның мінген атын қорғауға арналған сауытты да алғаш рет біздің бабаларымыз жасаған. Еуразия көшпенділерінің айрықша маңызды әскери жаңалығына баланған мұздай темір құрсанған атты әскер осылайша пайда болды



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ



*«Өткенін мақтан тұтып,
бүгінін нақты бағалай білу және
болашаққа оң көзқарас таныту -
еліміздің табысты болуының
көпілі дегеніміз осы»*

Н.Ә.Назарбаев

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМДЕРІ



Ұлы дала Әл-Фараби мен Яссауи, Күлтөгін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді.



Атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек.



Мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет.



Еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

«Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы»

Н.Ә.Назарбаев



Архив - 2025

Ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив - 2025» жеті жылдық бағдарламасын жасау қажет

Архив деректері барлық мүдделі зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін оларды белсенді түрде цифрлық форматқа көшіру қажет

Мектептер мен барлық өңірлердегі өлкетану музейлерінің жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құру маңызды



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

«Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту - еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы»

Н.Ә.Назарбаев



ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ БЕСІГІ



Қазақтардың және Еуразияның басқа да халықтарының тарихында Алтайдың алар орны ерекше

Дәл осы өңірде біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының орта шенінде Түркі дүниесі пайда болып, Ұлы дала төсінде жаңа кезең басталды. Түркілер ұланғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты.



Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі - Әбу Насыр әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Яссауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан.



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

«Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту - еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы»


Н.Ә.Назарбаев



ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ



Еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды, яғни Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуы ежелден әртүрлі мемлекеттер мен өркениеттер арасында транзиттік «дәліздердің» пайда болуына септігін тигізді



Дала белдеуі Қытай, Үнді, Парсы, Жерорта теңізі, Таяу Шығыс және славян өркениеттерін байланыстырды.

Орталық Еуразияда түркілер үстемдік құрған кезеңде Ұлы Жібек жолы гүлдену шегіне жетіп, халықаралық ауқымда экономиканы өркендетуге және мәдениетті дамытуға септігін тигізді

Біздің дәуірімізден бастап бұл құрлық жолдары Ұлы Жібек жолы жүйесіне айналды



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

«Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту - еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы»

Н.Ә.Назарбаев



ҚАЗАҚСТАН - АЛМА МЕН ҚЫЗҒАЛДАҚТЫҢ ОТАНЫ

АСҚАҚ АЛАТАУДЫҢ БАУРАЙЫ АЛМА МЕН
ҚЫЗҒАЛДАҚТЫҢ «ТАРИХИ ОТАНЫ» ЕКЕНІ
ҒЫЛЫМИ ТҰРҒЫДАН ДӘЛЕЛДЕНГЕН

Қазақстан қазір де әлемдегі алма атаулының арғы атасы -
Сиверс алмасының отаны саналады



Ол Қазақстан аумағындағы Іле Алатауы баурайынан Ұлы
Жібек жолының көне бағыты арқылы алғашқыда Жерорта
теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге таралған

Осы танымал жемістің терең тарихының
символы ретінде еліміздің оңтүстігіндегі ең әсем
қалалардың бірі Алматы деп аталды



Шу, Іле тауларының етегінен әлі күнге дейін жергілікті
өсімдіктер әлемінің жауһары саналатын Регель
қызғалдақтарын бастапқы күйінде кездестіруге болады.

Қазақ топырағындағы осынау қарапайым, сондай-ақ,
ерекше гүлдер өз әдемілігімен көптеген халықтың жүрегін
жаулап, біртіндеп бүкіл әлемге тарады.

Қожа Ахмет Йасауи кесенесі

- Ахмет Йасауи кесенесі — Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында тұрғызылған архитектуралық ғимарат. Қожа Ахмет Йасауи дүние салғаннан кейін халықтың көп жиылуы мен өзіне арнап соғылған кішкене мазарға жерленеді. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай тәуепету орнына айналды



Ходжа Ахмет Яссауи





Айша бибі кесенесі

• Айша бибі (XI - XII ғғ.)
Қараханидтер әулетінің
негізін қалаушы
Қараханның
қалыңдығы, қазіргі
Тараз қаласының
жанындағы, сонау
скифтер заманынан
бастап ақ қазақтың қол
өнеріне енген, содан
бері қолданылып келе
жатқан ою өрнек,
әшекей түрлерінің
бәрін қамтитын күрделі
архитектуралық әсем
ескерткіштің иесі.



Жошы хан кесенесі

Жошы Хан Күмбезі – Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 км жерде, Кеңгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш. Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, оны салуға Жошыға бағынған тайпалардың бәрі (оғыз, арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат, қаңлы, т.б.) қатысқан. Тарихи дәстүр бойынша күмбезді қайтыс болған кісінің жылдық асын беруден бұрынырақ жасайтын болған. Соған қарағанда 1227 жылы қайтыс болған Жошыға 1228 жылы күмбез тұрғызылған болу керек.



Алаша хан күмбезі

Алаша хан күмбезі Ұлытаудың Қаракеңгір өзен жағасында (Сарыкеңгір өзенінің құярлық саласында) биік жотаның үстінде тұр. Ғалымдар күмбезді Қарахан әулетіне, оғыз-қыпшақ заманындағы (10-13 ғ.ғ.) сәулет өнерінің қатарына қосады. Зерттеушілерәлі де жаңаболжамдар (15-16 ғ. деушілер де бар) айтқанымен, күмбездің уақыт зардабынан мүжіліп тозған түрі мен басқа ешбір ескерткішке ұқсамайтын көркемдеу тәсілі арғызамандарға сілтейді.



Қарахан кесенесі

Қазақстанда 11 ғасырдан сақталған сәулет өнері ескерткіші.



Арыстан баб кесенесі.

Көне Отырар жеріндегі сәулет өнері
ескерткіші.



Шығармашылық жұмыс: (топпен)

«345 стратегия»

Мәтіндегі оқиғалардан дәлелдер келтіре отырып, кейіпкерлерді сипатта (5 сөйлемнен кем емес).

- 1 – топ **«Ат өнері»**
- 2 - топ **«Қожа Ахмет Иассауи кесенесі туралы аңыз»**
- 3- топ **«Алтын адам»**

Бағалау.



Кері байланыс. Ауызша.

- **Рефлексия.**

Мен бүгін ... білдім.

Мен ... үйрендім.

Менің көңіл күйім қазір қандай?

Бүгінгі мақсатымызға жеттік пе?

Жетсек, қалай жеттік, не істедік?

Кері байланыс



«Бес саусақ»
әдісі

1. **Бас бармақ** – басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе қандай болды.
2. **Балалы үйрек** – бірлесу. Мен топта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кімге риза болдым?
3. **Ортан терек** – ойлау. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
4. **Шылдыр шүмек** – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?
5. **Кішкентай бөбек** – көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім.



***НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!***

